

# SHÁKÁRIM

SHÁKÁRIM YNIVERSITETI  
SEMĖI

# SHAŃYRAĖY

Ақпараттық-танымдық басылым

2019 жыл №8-9 (121) қараша

■ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ҚҰТТЫҚТАУ!

## ҚҰРМЕТТІ УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ, СТУДЕНТТЕР!

Баршаңызды университетіміздің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлылар мекенінде ту тіккен Шәкәрім университеті - өзіндік мол тарихы, бай дәстүрі бар іргелі білім ордасы.

Еліміздің шығысындағы бірінші университет болып саналатын оқу орнының басты миссиясы – ағартушылық, білім тарату және әлеуметтік жауапкершілік.

Университет ұжымы алға қойған міндеттерді үлкен абыроймен орындап келеді.

Алдағы уақыттарда да биік мұраттарға қол жеткізіп, асқаралы асуларды бағындыратынына сеніміміз мол!


Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы жолындағы қызметтеріңізге мол табыс тілеймін!

Құрметпен, Мейір Ескендіров,  
Шәкәрім университетінің ректоры.



■ БӘРЕКЕЛДІ!

## ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГКЕ ЕНДІ



Шәкәрім университеті әлемдік *Emerging Europe and Central Asia* рейтингісіне енді.

Qseeca 2020 аймақтық рейтингінің нәтижелері 2019 жылы 15 қазанда «QS in conversation» халықаралық ынтымақтастық арқылы танымалдылықты арттыру:

ұтқырлық, тану, брендинг конференциясында белгілі болды.

Рейтингті бағалау критерийлері 10 бағыт бойынша жүргізілді:

- Академиялық беделі,
- Жұмыс берушілер арасындағы беделі,
- Оқытушылық құрам және білім алушылардың арақатынасы,
- Оқытушылық құрамның дәрежелік деңгейі,
- Дәйексөздер, жарияланымдар,
- Халықаралық ғылыми нетворк,
- Шетелдік оқытушылар саны,
- Шетелдік студенттер саны,
- Веб-импакт.

Биыл бұл рейтингтен 28 елдің 353 университеті орын тепті.

Айта кетейік, QS EЕСА рейтингі Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның жетекші университеттерін бағалауға арналған. Алғаш рет 2014 жылы жарияланған. Ол, осы аймақтардағы университеттердің басым міндеттері мен мәселелерін көрсету үшін әзірленген әдістеме негізінде рейтингтің пилоттық нұсқасы болып табылады.

■ АРНАУ

## АҚ ОРДАМ МЕНІҢ, АСҚАҚ ҰРАНЫМ

Ақ ордам менің, асқақ ұраным,  
Ерке де еттің еңселі.  
Жанарды еріксіз жасқа бұладым,  
Сағынғандықтан мен сені.  
Есімде әлі ақ таңың, нұрың,  
Сағындым сені армандай.  
Өзге қаладан таппадым тыным,  
Жүрегім сенде қалғандай.  
Мейірімінді арнағанда ізгі,  
Бөленгем күйге көрікті.  
Ғимараттарың қармаған бізді,  
Құшағың сенің болыпты.  
Шаттыққа қалман кейіп, кеңелмей,  
Әр таңды жалғап, әр таңға.  
Қыраның ұшса биікте нендей,  
Бір сенің ғана арқаңда.  
Ақ ордам менің, асқақ ұраным,  
Өзіңмен асқар, еңселі ек.  
Жанарды еріксіз жасқа бұладым,  
Өткенім қайтып келсе деп...

Дамир ӘБЕНОВ,  
университет түлегі.

## АҚ ТІЛЕКТЕР

Мұрат Ермиш, Еуропа қазақ қоғамдары федерациясының президенті (Стокгольм қаласы, Швеция):

- Ардақты ағайын!

Ұлы Шәкәрім бабамыз: «Бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды» деген екен. Менің көңілімнің көзі де, жүрегім де Шәкәрім университетінде. Білім ордасының қызметкерлерін 85 жылдық мерекесімен құттықтаймын!

Университет ректоры, менің досым Мейір Ғариполлаұлының басшылығымен оқу орында Отан, ел, ұрпақ үшін үлкен жұмыстар атқарылуда.

Университет ұжымына, студенттерге ыстық сәлем жолдаймын!



Фазыл Топлу, Түркиядағы қазақтар қауымдастығының төрағасы (Стамбул қаласы, Түркия):

- Абай, Шәкәрім, Мұхтар сияқты ұлылар дүниеге келген қасиетті жерде орналасқан Шәкәрім университетінің 85 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Ұлттық білім беру жүйесін дамытып, тарихпен байланыстырып отырған университет ректоры Мейір Ғариполлаұлына зор алғыс білдіремін!

Шәкәрім университетінің ұстаздары, ғалымдары үлкен жетістіктерге жетуіне тілектеспін!

Университетте білім алып жатқан жастарға айтарым білімді, ақылды, өнегелі ұрпағымыз көбейе берсін!

Сіздерге ақ жол, сәттілік тілеймін!



Абдулкаюм Кесенджи, саясаттану ғылымдарының докторы, журналист (Мюнхен қаласы, Германия):

- Қазақстандағы белгілі оқу орындарының бірі - Алаш қаласындағы Шәкәрім университетінің мерейтойымен құттықтаймын!

Ана тіліміздің мәртебесін халықаралық дәрежеге көтеріп, Халықаралық қазақ тілін үйрету орталығын ашқан университет ректорына, ғалымдарына зор алғысымды білдіремін!

Шәкәрім шаңырағының білім-ғылым саласында талай биіктерді бағындыруына тілектеспін!

Университет ұжымына, студенттеріне мол табыс тілеймін!



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БЛЕНДИНГ – КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

31 қазан күні Шәкәрім университетінде білім ордасының 85 жылдық мерейтойына орай, «Білім – Еуроазиялық ынтымақтастықтың негізі» тақырыбында халықаралық білім беру блендинг(онлайн) – конференциясы өтті.

Конференцияның мақсаты – Еуроазия жоғары оқу орындарының білім беру және ғылыми құндылықтарын біріктіруге бағытталған халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

Конференцияға қала әкімі Ермак Сәлімов арнайы қатысып, университетті мерейлі мерекесімен құттықтады.

Алғаш рет онлайн форматта өткізіліп отырған конференцияға — Дүниежүзілік ислам ғылым академиясы, Шэньчжэнь университеті (Қытай), Лешно қаласындағы Яна Амос Коменский атындағы мемлекеттік жоғары кәсіптік білім беру мектебі (Польша), Кьонгдонг университеті (Оңтүстік Корея), Швейцария экономика және менеджмент бойынша қолданбалы ғылымдар Жоғары мектебі (Швейцария), К.Г.Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технология және басқару университеті (Ресей), И.И.Ползунова Алтай мемлекеттік техникалық университеті, (Ресей), Ташкент сәулет-құрылыс институты (Өзбекстан), М.В.Ломоносов атындағы ММУ Ташкент қаласындағы филиалы(Өзбекстан) қатысты.

**Конференция үш бағыт бойынша өріс алды:**

◆ Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар: білім және мәдениет этносаралық диалогтың даму факторы ретінде

◆ Жаратылыстану және техникалық ғылымдар: ХХІ ғасырдың жаһандық сын-қатерлері жағдайындағы жаңа материалдар мен технологиялар

◆ Аграрлық ғылымдар: агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту

Осы мәселелерді талқылауда жүзден астам ғалымдар мен педагогтардың баяндамалары мен тезистері қабылданды.

Университеттің басты миссиясы - ағартушылық екенін әрдайым алға тартатын Қазақстан ғылым академиясының академигі, профессор Ғарифолла Есім де халықаралық онлайн коференцияға арнайы қатысып, қатысушыларға баяндамасын оқып, университетке деген ізгі тілегін жеткізді.

Конференция қорытындысы бойынша жаһандық сын-қатерді еңсеруге және білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға бағытталған бірлескен жобаларды іске асыру үшін еуроазиялық білім беру және ғылыми ортаның әлеуетін біріктіріп, цифрландыру және ақпараттық технологияларды дамыту негізінде Еуразия елдерінде жоғары білім берудің қашықтықтан оқыту технологияларын дамыту мүмкіндіктерін кеңейту жобасы енгізілетін болады.

Блендинг форматында ұйымдастырылған конференция қатысушылар мен көрермендердің ұсынысы бойынша алдағы уақытта өз жалғасын таппақ.



# МӘҢГІ ЖЕЛБІРЕ, КӨК ТУЫМ!

**Шәкәрім университетінде «Nur Otan» партиясының патриоттық акциясына орай ұйымдастырылған «Менің туым, менің Отаным!» атты іс-шарасы өтті.**

Шараға «Nur Otan» партиясының хатшысы Оспанов Ғабидулла Абдуллаұлы арнайы қатысып, Шәкәрім ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі.

Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Желбіреген аспан түстес байрағымыз халқымыздың арманын асқақтатып, қыран бүркіттей еліміздің аспан әлемінде қалықтап тұр» - деп атап өтті.

«Nur Otan» партиясының хатшысы Ғабидулла Оспанов – енді еліміздің кез-келген азаматы патриоттық сезімін білдіріп, мемлекеттік туымызды үйінде немесе жұмыс орнында іле алатынын айтты. Сондай-ақ университетті мерейлі мерекесімен құттықтап, көк байрағымызды желбіретіп, еліміздің өркендеуіне үлес қосатын жастарымыз арта берсін деген тілегін жеткізді.

Студенттер университет дәлізіне ілінген мемлекет байрағының астына жиылып, әнұранды асқақтата шырқап, патриоттық әндерді орындады. Шара қонағы Ғабдулла Оспановқа университет қолдауымен шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» кітабын тарту етті.



## ■ МЕРЕЙТОЙ АЯСЫНДА

# ӘР СТУДЕНТКЕ РУХАНИ ТАРТУ ҰСЫНЫЛДЫ

**85 жылдық мерейтойға орай барлық факультеттерді университет басшылығымен бірге аралаған ректор Мейір Ескендіров студенттермен кездесіп, оларға Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» кітабын сыйға тартты.**

Айта кетейік «Үш анық» кітабы университет қолдауымен көптеген данада шыққан болатын.

Университеттің миссиясы - ағартушылық. Ал, ағартушылықты жеткізетін ол - кітап. Сол себепті де «Үш анық» - атты философиялық трактат студенттердің рухани дамуына үлкен септігін тигізеді.



Үш анық сөзіндегі «анық» сөзі позитивизмнің аудармасы. Анық дегеніміз – жол таңдау. Жастардың өз жолын табуына септігін тигізсін деген ниетпен «Үш анық» кітабы әрбір студентке табыс етілді.

Университет қабырғасына қойылған ой бұрышы кітапты оқып, ой түйген жастардың өз пікірін қалдыруға арналған орын.

«Бұл, бастама алып отырған ерекше дәстүр. Себебі төрт жылда «Үш анық» кітабын оқып шыққан маман келешекте Шәкәрім университетінің түлегімін деген кез-келген адамнан «Үш анықты» оқыдың ба? - деп сұрай алады. Осылайша бұл

біздің символымызға айналады деп сенеміз» дейді университет ректоры Мейір Ғариполлаұлы.





## Шәкәрім университетінің 85 жылдық мерейтойына орай жаңа форматтағы



Шәкәрім университетінде университеттің 85 жылдығы, Бейнелеу өнері және сызу кафедрасына 50 жыл толуына орай «ҒЫЛЫМ.БІЛІМ.ӨНЕР» шығармашылық көрмесі өтті. Көрмеге белгілі тұлғалар қатысты.



21 қазан күні Шәкәрім университетінің CO-WORKING орталығында Ашық бизнес алаң/ Open space for Business өтті.



«Шәкәрім университеті – Ашық алаң» іс-шаралар циклі аясында Art Union талантты жастар ұйымының алғашқы «ART FEST» концертті өтіп, көпшілікке мерекелік көңіл сыйлады.



Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай 23-қазан мен 1-қараша аралығында қазақтың ұлы ақынының даналығын, рухани асыл мұрасын насихаттау, құрмет ету мақсатында декада өтті.



«XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойыны өткізілді.



«Рухани Жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында Бизнес марафон: «ФЭП advertising» өткізілді.



# «Шәкәрім университеті – ашық алаң» циклі аясында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.



Студент-математиктер арасында Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ұстазы, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Тұрлыханова Марзия Айтбайқызы атындағы олимпиада өтті. Ұлағатты ұстаздың ұрпағы 15 студентке атаулы стипендия тағайындады.



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» ұлттық жоба жеңімпаздарының бірі Серік Нұркеновпен кездесу өтті.



«Шәкәрім алаңы – Open space» аясында «Technovation Business Challenge 2019» сайысы өтті.



«Кітап – ынтымақтастық пен келешек жолы» халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде әртүрлі баспадарда шығарылған көптеген кітаптар студенттер назарына ұсынылды.



«Шәкәрім университеті - Ашық алаң» іс-шаралар циклі аясында «Ағарлық өндіріс кешенін цифрландыру: электрондық өрістер мен озық фермалар» секциясында ауылшаруашылығын заман талабына сай өркендету мәселесі қозғалды.



«Музыкалық білім» кафедрасының 30 жылдығына орай Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, ҚР Мәдениет қайраткері Қайырғазы Төленнің шығармашылық кеші өтті.





**Шәкәрім университетінде университеттің 85 жылдық мерейтойына орай «Shakarim Universitetinin baly» өтті.**

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін күзгі балға университетіміздің әр факультетінен 10 жұптан қатысты.

**Шараның мақсаты:** Студенттердің бос уақытын тиімді өткізу, жастар арасында мәдениетті дамыту және өнерге деген қызығушылығын арттыру болды.

Кештің сәні болатын жас қатысушылар ерекше билерімен сынға түсті.

Бас жүлдені Гуманитарлық факультет жеңіп алса,  
2 орынды – Өнер және спорт факультеті иеленді,  
3 орынға Экономика және құқық факультеті көтерілді.

Жеңімпаздар демеушілер тарапынан түрлі сыйлықтарға ие болады.

Сондай-ақ Ханзада мен Ханшайым аталымы бойынша – студенттік парламенттің инстаграмм парақшасында лайк (лүпіл) арқылы таңдалып, кештің үздік жұбы атанған инженерлік технологиялық факультетінен Арманұлы Ермек пен Жұмағазықызы Альмира болды.

Жастарға әсерлі кеш сыйлаған университет балында – студенттер өнерлерін паш етіп, таланттарын сынға салды.

«Университет балы – жыл сайын асыға күтетін кештеріміздің бірі. Әр жыл сайын ерекшеленіп, дамып келе жатыр. Ендігі келесі кешті асыға күтеміз» дейді қатысушылар.

#### ■ ТАҒЫЛЫМДАМА

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ӨЗ ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

**Шәкәрім университетінде Алтай мемлекеттік университеті студенттері тәжірибелік тағылымдамадан өтті.**

Шәкәрім университеті мен Алтай мемлекеттік университеті арасындағы ынтымақтастық аясында Алтай мемлекеттік университетінің, Барнаул (Ресей) география факультетінің студенттері ғылыми жаратылыстану пәндері оқу кафедрасы және «Химиялық технологиялар және экология» кафедраларында тәжірибе алмасты.

Радиоэкологиялық зерттеулердің ғылыми орталығына (NERC) бару барысында студенттер



«Интерполимерлі кешендер негізінде жердің құрғауына жол бермеу технологиясын жасау» және «бұрынғы Семей ядролық полигонының аумағында орналасқан Сарапан мен Жанан қыстауындағы радиациялық ортаның қазіргі жағдайы» тақырыптарындағы ғылыми

зерттеулердің нәтижелерімен танысты. Сонымен бірге орталықтың негізгі қызметіне шолу жасады.

Алтай мемлекеттік университеті табиғатты пайдалану және геоэкология кафедрасының доценті Скрипко Вадим Валерьевич «География» және «Экология» мамандықтарының студенттері мен магистранттарына «Табиғатты пайдаланудағы ГАЖ» тақырыбында ашық дәріс оқыды.

Мәдени тағылымдама бағдарламасы аясында өлкетану мұражайы мен Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайын аралады.

## БАЛАЛАР ҮЙІНЕ МЕРЕКЕЛІК КЕШ СЫЙЛАДЫ

«Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанатының Шәкәрім университетіндегі бастауыш бөлімшесі «Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Шығыс Қазақстан



облыстық мектеп-интернаты» КММ-ге барып, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне концерттік бағдарлама мен тәтті тосынсыйлар, қажетті киім-кешек, аяқ киім мен ойыншықтар сыйлады.

Іс-шарада студенттер арнайы костюмдармен ойын ойнатып, «Достық» атты қуыршақ театрын көрсетіп, кішкентай бүлдіршіндерді қуантты.

Кездесу кезінде тоғыз құмалақ пен дойбыдан көңілді жарыстар ұйымдастырылды. Тәрбиеленушілер ән мен биден өнерлерін ортаға салды. Ұйым мүшелері балалардың қалаған суреттерімен беттеріне аквагрим суреттерін салды. Студенттердің мейірімге толы көңілдері көпке үлгі боларлық іс екені анық.

Тәрбиеленушілер «Jas Otan» Жастар қанаты белсенділеріне мерекелік кеш сыйлағаны үшін алғыстарын білдірді.

«Мұндағы әр бала ыстық ықылас пен көңілге зәру, бүгін соның орнын толтыруға барымызды салдық. Балалар да қуанып қалды» - деп ұйым мүшелері ықыластарын білдірді.



## ВОЛЕЙБОЛДАН ФАКУЛЬТЕТ АРАЛЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ

Шәкәрім университетінде университеттің 85 жылдық мерейтойына орай «Шәкәрім университеті – ашық алаң» іс-шаралар циклі аясында ер балалар арасындағы факультет аралық волейбол жарысы өтті.

«Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанатының Шәкәрім университетіндегі бастауыш бөлімшесінің ұйымдастыруымен өткен жарыстың мақсаты салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Әрбір факультеттің командасы белсенді қатысқан шара тартысты өтті.

Жарыс нәтижесі бойынша «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» факультеті 1-орынды, «Өнер және спорт факультеті» 2-орынды иеленді.

Волейбол жарысында өзін белсенді көрсеткен ойыншылар әр түрлі номинация бойынша марапатталды.

Атап айтсақ, «Үздік қорғаушы» номинациясы бойынша Бейсенбекұлы Айболат марапатталса, «Үздік шабуылдаушы» номинациясы бойынша Абдықадыров Ерасыл, «Үздік ойыншы» номинациясы Уазканов Айбар, «Үздік байланыстырушы» номинациясын Қапсеметов Мейіржан иеленді.



## ШАХМАТ - АҚЫЛ-ОЙ СПОРТЫ

Университеттің CO-WORKING орталығында Шәкәрім университетінің қолдауымен шахматтан «Megatozg Oren» қалалық турнирі өтті.

“Megatozg Group” білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен турнир 7 кезеңнен тұрды. Жарыстың мақсаты - қазақстандық жастар арасында шахматты насихаттау және одан әрі дамыту болды.

Жас шахматшылар өздерінің зияткерлік қабілеттерін, қызығушылығы мен логикалық ойлауын көрсетті.

Турнир жеңімпаздарын құттықтаймыз!

## КИБЕРСПОРТҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ЖОҒАРЫ

Шәкәрім университетінің 85 жылдық мерейтойына орай «Шәкәрім университеті - Ашық алаң» іс-шаралар циклі аясында қаламыздың «YGRA Cyberarena Setey» ойын клубының базасында киберспорттан «COUNTER STRIKE GLOBAL OFFENSIVE» ашық турнирі өтті.

Турнирге қаламыздың жоғарғы оқу орындары мен колледждерінің 1-4 курс студенттері қатысты.

Айта кетейік, Киберспорт дегеніміз - компьютерлік бейне ойыннан жарыс болатын спорт түрі. Спорттық индустрияның жаңа саласы ретінде, жоғары технологиялар нарығымен тікелей байланыста, ақпараттық технологиялар саласындағы әлемнің ірі ойыншыларының жарысы. Бүгін де киберспорт дүниежүзіндегі қарқынды дамып келе жатқан «спорт» түрі ретінде саналады.



Ғалымдардың айтуынша компьютер ойындары адамның ойлау қабілетін 2D-кеңістігінде ғана емес, 3D-кеңістігінде дамытады дейді.

Студенттердің ойлау қабілетін жақсарту, өзара қарым-қатынасын дамыту мақсатында өткізілген тартысты дода 6 сағатқа созылды. Марапаттау рәсімі Шәкәрім университетінің

Coworking орталығында өтті.

**8 команда арасында үшеуі жүлделі орынға тұрақтады:**

1 орын: Microsoft Международный факультет skass

2 орын: SFEK

3 орын: ADRENALINE Мед академия

«Жастардың әлемдік спорт түрін игергені, жаңашылдыққа қызығушылық танытуы бізді қатты қуантты» - дейді ұйымдастырушылар.



Құрылтайшысы:  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті.

Студент - жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Редактор  
Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г 13 қазан 2018 жыл.

Редакцияның мекен-жайы:  
Семей қаласы,  
Глинка көшесі, 20 а,  
Телефон: 31-87-78

Газет Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің баспаханасында басылып шығарылды.  
Тел: 31-88-34  
Семей қаласы, Глинка, 20 а  
Таралымы 500 дана



# УНИВЕРСИТЕТ ШЕЖІРЕСІНЕН...

**1934 жыл, 23 маусым.** ВКП (б) Шығыс Қазақстан обкомының бюросы «Семей қаласында Қазақ педагогикалық институтын ұйымдастыру туралы» сұрақты қарады. Сол жылы Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесі Семей қаласында педагогикалық институт құру туралы шешім қабылданды.

**1935 жыл - қаңтар.** Мұғалімдер институты КСРО жоғары оқу орындарының тізіміне енгізілді.

**1936 жыл, 10 шілде.** Семей мұғалімдер институтына Сәкен Сейфуллин есімі берілді.

**1936 жыл.** Институтты алғашқы мұғалімдер бітіріп шықты. Олардың жалпы саны 73 адам болған.



**1937 жылы 31 қазан.** Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің қаулысымен Семей қаласында құрамында үш: физика-математика, жаратылыстану, орыс тілі және әдебиеті факультеттері бар педагогикалық институт ашылды. Институттың 76 студенті болды.

**1938 жыл.** Бірінші студенттер жатақханасы салынды.

**1939 жылы 9 наурыз.** Институтқа Н.К.Крупская аты берілді.

**1942 жыл.** Бірінші рет қазақ тілі және әдебиеті бөліміне студенттер қабыланды.

**1952 жыл.** Физика-математика факультетінде қазақ тілінде оқыту енгізілді. Институт Өскемен педагогикалық институтын құруға көмек көрсетті. Студенттердің және мұғалімдердің бір бөлігі, біраз оқулықтар және құралдар жаңа институтқа берілді.

**1970 жылы** Институт ұжымы Қазақстан КП Орталық комитетінің және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен марапатталды. Қазақстанда алғашқы қыздар құрылыс отряды «Аэлита» құрылды.

**1972 жыл.** Құрылғанына 35 жыл толуына байланысты институт ұжымы КСРО Жоғарғы және орта білім министрлігінің және Ағарту, жоғарғы мектеп және ғылыми мекемелер саласы кәсіподақтары Президиумы Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

**1976 жыл.** Институт ұжымы Қазақстан КП Орталық комитетінің және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталды.



**1987 жыл.** Студенттер контингенті 4,5 мың адамды құрады, мұғалім мамандары алты факультетте, он бес мамандық бойынша дайындалды.

**1993 жыл, 12 мамыр.** Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің №383 қаулысымен Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институты Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы Семей мемлекеттік педагогикалық институты деп аталатын болды.

**1995 жыл, 13 қараша.** Қазақстан Республикасы үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы №1513 қаулысымен және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 1995 жылдың 1 желтоқсандағы №304 бұйрығымен үш институттың (Семей педагогикалық институтының, Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтының, Семей технологиялық институтының) негізінде «Семей» мемлекеттік университетін құру туралы шешім қабылданды.



**1999 жыл, 22 қыркүйек.** Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен «Семей» мемлекеттік университеті Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті болып аталатын болды.

**2004 жыл, сәуір.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Семей мемлекеттік педагогикалық институты дербес жоғары оқу орны ретінде қайта құрылды.

**2013 жыл, 29 мамыр.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29 мамыр 2013 жылғы №529 қаулысы бойынша Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті мен Семей мемлекеттік педагогикалық институты қосылды.